

«Евразия» өмірді сақтандыру компаниясы»
Акциялық қоғамы Директорлар кеңесінің
шешімімен бекітілген

(«19» мамыр 2025 жылғы отырыс хаттамасы)



**Евразия Keleshek (USD)
САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Құжаттың мазмұны

1-тарау. Негізгі ұғымдар мен терминдер.....	
2-тарау. Сақтандыру объектісі	
3-тарау. Сақтандыру шартының мәні	
4-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі	
5-тарау. Сақтандыру сомасы және сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі	
6-тарау. Сақтандыру жағдайы.....	
7-тарау. Мемлекет сыйлықақысын есептеу	6
8-тарау. Бастапқы білім беру капиталын есептеу.....	6
9-тарау. Нысаналы жинақ төлемдерін пайдалану.....	7
10-тарау. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу.....	7
11-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	8
12-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	8
13-тарау. Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеттері, сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және залалдар мөлшері.....	10
14-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары.	11
15-тарау. Сақтандыру шартын бұзу шарттары	13
15-тарау. Сақтандыру шартын өзгерту шарттары.....	14
16-тарау. Тараптардың жауапкершілігі.....	14
17-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары	14
18-тарау. Дауларды қарау тәртібі	15
19-тарау. Сақтандыру сыйлықақысын, сақтандыру сомасын, сақтандыру төлемін, сатып алу сомасын және сақтандыру шарты бойынша субсидияларды қайта есептеу шарттары.	15
20-тарау. Қосымша шарттар	15

Осы Евразия Keleshek (USD) сақтандыру ережесі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілеріне сәйкес әзірленді. Осы ереже «Евразия» өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамымен жасалатын сақтандыру шарттарын жасау және орындау тәртібін белгілейді.

1-тарау. Негізгі ұғымдар мен терминдер

1. Осы сақтандыру ережелерінде мынадай ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

- 1) **пайда алушы** – сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 2) **сатып алу сомасы** – сақтанушының сақтандыру шартының қолданысы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде алуға құқығы бар, уәкілетті орган мен сақтандыру шартында айқындалған тәртіппен айқындалатын ақша сомасы;
- 3) **сақтандыру шарты** – сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалатын өмірді білім беру жинақтаушы сақтандыру шарты
- 4) **сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеу** – сақтанушының сақтандыру шартына өзгерістер енгізу мақсаттары: сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін, сақтандыру сомасының мөлшерін және сатып алу сомасының мөлшерін ұлғайту үшін ақы төлеуі;
- 5) **білім беру жинақтау сақтандыруы шарттарының бірыңғай тізілімі** - оператор мемлекет сыйлықақысын есепке жазатын сақтандыру шарттарын тіркеудің бірыңғай базасы;
- 6) **МБЖЖ заңы** – Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Заңы;
- 7) **шетелдік білім беру ұйымы** – Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде құрылған және жұмыс істейтін, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура) білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлға;
- 8) **«USD/KZT TOD» бағамы** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі/серіктес-банк белгілеген және осы сақтандыру ережелерінде айқындалған жағдайларда және тәртіппен қолданылатын АҚШ долларына қатысты теңге бағамы;
- 9) **АЕК** - тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына арналған Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіш;
- 9) **білім беру қызметтері** – білім беру ұйымының білім алушыға жеке тұлғаның білім беру қажеттіліктерін іске асыруға және білім беру бағдарламаларын меңгеруге бағытталған қызметтерді ұсыну бойынша қызметі;
- 10) **оператор** – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалатын, Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысушылардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын және оның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте жұмыс істеуін қамтамасыз ететін оператор - ұйым;
- 11) **білім беру ұйымы** – Қазақстан Республикасының аумағында құрылған және жұмыс істейтін, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура) білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын заңды тұлға;
- 12) **сақтандыру ережелері** – осы Евразия Keleshek (USD) сақтандыру ережелері
- 13) **мемлекет сыйлықақысы** - білім беру жинақтау салымының нақты жинақталған қалдығына және сақтандыру шарты бойынша есептік сомаға бюджет қаражаты есебінен жыл сайын белгіленген мерзімде төленетін ақша;
- 14) **сақтандыру шарты бойынша есеп айырысу сомасы** – сақтандыру шарты бойынша сыйлықақыны (жарналарды), инвестициялық кірісті, өткен кезеңдердегі мемлекеттің есептелген сыйлықақыларын ескере отырып, сақтандыру шарты бойынша қалыптастырылған сақтандыру резервін негізге ала отырып айқындалатын және уәкілетті орган айқындаған тәртіппен есептелетін мемлекет сыйлықақысын есептеу үшін қабылданатын сома;
- 15) **сақтандырушы** – «Евразия» өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы;
- 16) **сақтанушы** – пайда алушының ата-анасы, қамқоршысы, заңды өкілі болып табылатын және сақтандыру шартын жасаған тұлға. Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтанушы сақтандырылушы болып табылады;
- 17) **сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде не сақтандыру шартында айқындалған мерзім басталған кезде пайдасына сақтандыру шарты жасалған тұлғаның (пайда алушының) білім беру қызметіне ақы төлеу үшін Сақтандырушы төлейтін сақтандыру шартында көзделген ақша сомасы;
- 18) **сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 19) **бастапқы білім беру капиталы** - салымшының білім беру жинақтау салымына немесе білім беру жинақтау сақтандыру шарты бойынша есеп айырысу сомасына есептелетін бюджеттен біржолғы төлем;

20) **сақтандыру полисі** – сақтандырудың жеке шарттарын қамтитын сақтандыру шартын жасау фактісін растайтын құжат.

21) **субсидиялар** - мемлекет сыйлықақысы, бастапқы білім беру капиталы және нысаналы жинақтар;

22) **үлгілік шарт** - ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен білім беру жинақтаушы сақтандырудың үлгілік шарты;

23) **уәкілетті операторлар** - тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры аударатын нысаналы жинақтар төлемдерін есепке алу үшін банктік шоттар ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктер, Ұлттық пошта операторы;

24) **нысаналы жинақтар** - нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтау шотында есепті жылдың алдындағы он сегіз жылдағы орташаланған ақшаның, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық табысының және есепті жылдың алдындағы он сегіз жылдағы орташаландырылған инвестициялық табыстың, жыл сайын осы сомаға есептелетін инвестициялық табыстың елу пайызы есебінен жинақталған ақша;

25) **эскроу-шот** - Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде сақтандырушы айқындаған шарттар басталғанға немесе орындалғанға дейін осы тұлғаның банк шоты бойынша шығыс операцияларын жасау құқығын шектей отырып, пайда алушының атына сақтандырушы ашатын ағымдағы немесе жинақ шоты.

2-тарау. Сақтандыру объектісі

1. Сақтандыру объектісі сақтанушының (пайда алушының) сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруіне, сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігінің белгіленуіне немесе қайтыс болуына байланысты мүлктік мүдделері болып табылады.

3-тарау. Сақтандыру шартының мәні

1. Сақтандыру шартының мәні сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлеу, ал Сақтандырушының сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде пайда алушының пайдасына сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі болып табылады.

2. Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру шартының қолданылуы шегінде сақтандыру шартына бастапқы білім беру капиталын есептеуді жүзеге асыруға, сондай-ақ сақтандыру сыйлықақысы түріндегі нысаналы жинақтарды енгізуге құқылы.

4-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі

1. Сақтандыру шарты сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу және сақтанушыны сәйкестендіру үшін қажетті деректерді қамтитын сақтандырушыға сақтанушы берген өтініш-сауалнама негізінде, сондай-ақ тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынған кезде жазбаша нысанда жасалады.

2. Сақтандыру шарты сақтанушыны үлгілік шарттың шарттарына (үлгілік шарттарға) қосу және сақтандырушының сақтанушыға сақтандыру полисін ресімдеуі арқылы жазбаша нысанда жасалады. Сақтандырушының сақтандыру шартын жасауға келісімі сақтанушыға онда көрсетілген шарттарда сақтандыру полисін ресімдеумен расталады. Сақтандыру шарты сақтандырушы сақтандыру полисін ресімдеген күннен бастап жасалған болып есептеледі.

3. Сақтандыру шарты білім беру жинақтаушы сақтандыру шарттарының бірыңғай тізілімінде тіркелуге тиіс. Оператор сақтанушының/пайда алушының МБЖЖ заңының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты сақтандыру шартын білім беру жинақтаушы сақтандыру шарттарының бірыңғай тізілімінде тіркеуден бас тартқан кезде сақтандыру шарты оператордың тіркеуден бас тарту туралы хабарламасын алған күннен бастап бұзылады, сақтанушы төлеген ақша сомасын сақтандырушы қандай да бір комиссияны алмай сақтандыру шарты бұзылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлейді.

4. Психикалық аурулардан зардап шегетін адамдар, мүгедектігі бар адамдар, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде қылмыстық қылмыс жасағаны үшін жазасын өтеп жүрген, уыттылық мас болу мақсатында есірткілі, уытты заттарды пайдаланатын, диспансерлік есепте көрсетілген себептердің кез келгені бойынша тұратын адамдар сақтандыруға жатпайды. Осы тұлғаларға қатысты жасалған сақтандыру шарты мұндай сақтандыру шарты жасалған кезден бастап күшіне енбеген болып табылады, ал төленген сақтандыру сыйлықақысы толық көлемде қайтарылуға жатады.

5. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты терроризм мен экстремизмді

қаржыландыруға байланысты террористік қызметке қатысы бар адамдар мен ұйымдардың тізбесінде (бұдан әрі - ҚР ҚМА тізбесі) тұрған тұлғалар сақтандыруға жатпайды. ҚМА тізбесіне енгізілген тұлғалармен жасалған шарттарға қатысты Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және сақтандырушының ішкі нормативтік құжаттарында көрсетілген шаралар қолданылады.

5-тарау. Сақтандыру сомасы және сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі

1. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін сақтанушының сақтандыруға берген өтініші негізінде сақтандырушы айқындайды және сақтандыру полисінде көрсетіледі.
 2. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу сақтандыру полисінде белгіленген мерзімде біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.
 3. Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, бастапқы білім беру капиталын алу және сақтау мақсатында сақтанушы сақтандыру шартының бүкіл қолданылу кезеңінде жыл сайынғы ең төменгі жарнаға қойылатын талаптарды сақтай отырып, сақтандыру сыйлықақысының төленуін қамтамасыз етеді.
 4. Сақтандыру шарты бойынша ең төменгі жылдық жарна құрауы тиіс:
 - 1) мүгедек балалар мен жан басына шаққандағы орташа табысы азық-түлік себетінің құнынан төмен отбасылардан шыққан балалар үшін-кемінде 12 АЕК.
 - 2) 4 және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасылардың балалары, оның ішінде жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (магистратура) ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын балалар үшін, олар кәмелетке толғаннан кейін қатысушы білім беру ұйымын бітірген уақытқа дейін, бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін-жиынтығында бір отбасының балаларын сақтандырудың барлық салымдары немесе шарттары бойынша кемінде 14 АЕК;
 - 3) басым санаттарға жатпайтын балалар үшін - кемінде 24 АЕК.
 5. Жетім балалар немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санатына жататын пайда алушылар жыл сайынғы ең төменгі жарнаны енгізуден босатылады.
 6. Сақтандырушы сақтандыру шартының келесі жылға арналған жыл сайынғы ең төменгі жарна мөлшеріне қойылатын талаптарды сақтау үшін төленген сақтандыру сыйлықақысының сомасының жеткіліксіздігін анықтаған кезде сақтанушы жыл сайынғы ең төменгі жарнадан кем емес мөлшерде сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлейді.
 7. Сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлегеннен кейін сақтанушы сақтандыру және сатып алу сомасын ұлғайту мақсатында сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуді жүзеге асыруға құқылы.
 8. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуді сақтандырушының банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен жүзеге асырады. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеген кезде төлемді тағайындауда мынадай мәліметтерді көрсетеді:
 - 1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
 - 2) жеке сәйкестендіру нөмірі;
 - 3) сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) нөмірі.
- Сақтанушы көрсетпеген немесе қате мәліметтер берген жағдайда сақтанушы сақтандырушыға жоғарыда аталған мәліметтерді көрсете отырып, қосымша жазбаша хабарлама жібереді.
9. Сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеу негізінде сақтандыру шартына Сақтандыру ережесінің 15-тарауында көзделген тәртіппен және шарттарда өзгерістер енгізіледі.
 10. Сақтандыру сыйлықақысы сақтандырушының банктік шотына қолма-қол ақшасыз төленеді.

6-тарау. Сақтандыру жағдайы

1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы:
 - 1) сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі;
 - 2) сақтандырылушыға сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті белгілеу;
 - 3) сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғау қолданылған кезеңде қайтыс болуы болып табылады.
 2. Сақтандыру шарты бойынша қосымша сақтандыру жағдайы сақтандырылушыға жазатайым оқиға нәтижесінде бірінші немесе екінші топтағы мерзімсіз мүгедектікті белгілеу болып табылады.
- Осы тармақта көзделген оқиға, егер жазатайым оқиға және мүгедектікті белгілеу сақтандыру (сақтандыру арқылы қорғау) шартының қолданылу кезеңінде болған жағдайда ғана сақтандыру оқиғасы деп танылады.

7-тарау. Мемлекет сыйлықақысын есептеу

1. Сақтандыру шарты бойынша мемлекет сыйлықақысын есептеу жыл сайын 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру шарты бойынша есептік сомаға жүзеге асырылады. Мемлекеттің сыйлықақысы сақтандыру шартының қолданылу кезеңі ішінде, бірақ жиырма жылдан аспайтын мерзім ішінде есептеледі.
2. Мемлекет сыйлықақысы сақтандыру шарты бойынша есептік сомаға қосылады және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.
3. Мемлекет сыйлықақысының мөлшері МБЖЖ Заңымен белгіленеді.
4. Мемлекет сыйлықақысын есептеу, есептеуді тоқтата тұру және қайтару шарттары үлгілік шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған.

8-тарау. Бастапқы білім беру капиталын есептеу

1. Бастапқы білім беру капиталы есепті жылы бес жасқа толған пайда алушыға бірыңғай тізілімде тіркелген сақтандыру шарты бойынша есептеледі.
 2. Бастапқы білім беру капиталының мөлшерін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындайды.
 3. Сақтанушы бастапқы білім беру капиталын сақтандыру шартына есепке алған күннен бастап және пайда алушы қатысушы білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына оқуға түскенге дейін не пайда алушы он сегіз жасқа толғанға дейін жыл сайын ең төменгі жарна енгізеді.
 4. Бастапқы білім беру капиталы сақтандыру шарты бойынша есептік сомаға қосылады.
 5. Есептелген бастапқы білім беру капиталы келесі жағдайларда қайтарылуға жатады:
 - 1) осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде және мерзімдерде жыл сайынғы ең төменгі жарнаны төлемеу фактісін анықтау;
 - 2) пайда алушының Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуы;
 - 3) сақтанушының бастамасы бойынша, сақтанушы - пайда алушы қайтыс болған жағдайда сақтандыру шартын бұзу немесе нысаналы мақсатын сақтамай мерзімнің өтуіне байланысты сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді тоқтату.
- Бастапқы білім беру капиталы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде сақтанушы төтенше жағдайдың қолданылу кезеңіне қызмет шектеулеріне байланысты табысынан айырылған, төтенше жағдай жарияланған, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген не ол қайтыс болған жағдайда жыл сайынғы ең төменгі жарнаны енгізбеген жағдайда қайтарылмайды.
6. Бастапқы білім беру капиталын есептеу және қайтару шарттары үлгілік шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген.

9-тарау. Нысаналы жинақтар төлемдерін пайдалану

1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы түрінде енгізу үшін нысаналы жинақтар төлемдерін пайдалануды пайда алушы он сегіз жасқа толғаннан кейін жүзеге асырады.
2. Нысаналы жинақтар төлемдерін пайдалану және аудару тәртібі үлгілік шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған.

10-тарау. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу.

1. Егер сақтандыру ережесінің 6-тарауы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген сақтандыру жағдайы сақтандыру төлемінің салдарынан болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:
 - 1) сақтандыру шартының қолданылуының алғашқы 2 (екі) жылында өзіне-өзі қол жұмсау;
 - 2) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың әсері;
 - 3) әскери іс-қимылдар;
 - 4) азаматтық соғыс, халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;
 - 5) медициналық мекеменің білікті дәрігері ұйғарған дәрі-дәрмектерді пайдалануды қоспағанда, сақтандырылушының этанолмен, алкогольмен, есірткі құралдарымен немесе психотроптық заттармен улануы (медициналық куәландыру/сараптама жүргізген ұйымдардың қорытындысы болған кезде);
 - 6) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтандырылушының және (немесе) пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
 - 7) сақтандырылушының және (немесе) пайда алушының заң актілерінде белгіленген тәртіппен қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған, сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы іс-әрекеттері.
2. Сақтандырушы сондай-ақ сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы:
 - 1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген негіздер бойынша;

- 2) сақтандыру жағдайы болып табылмайтын себеп бойынша сақтандырылушы қайтыс болған кезде;
- 3) егер сақтандырылушымен болған оқиға сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғауы қолданылмаған кезеңде болса;
- 4) сақтандырушыға сақтандырылушының қайтыс болу себебін растайтын құжаттарды ұсынбаған және (немесе) сақтандырылушының қайтыс болу себебін анықтамаған кезде, оның ішінде жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының немесе заңды өкілдерінің жазбаша өтініші не адам тірі кезінде берген жазбаша ерік білдіруі негізінде патологиялық-анатомиялық ашып қарауды жүргізуден бас тартқан кезде.

Осы тармақта көзделген жағдайларда сақтандырушы мемлекет сыйлықақысын бюджетке қайтара отырып, сатып алу сомасы мөлшерінде төлеуді жүзеге асырады;

3. Егер сақтандыру ережесінің 6-тарауының 2-тармағында көзделген сақтандыру жағдайы науқастану салдарынан болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.
4. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімді сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру ережелерінің 13 және 14-тарауларында көзделген құжаттардың толық тізбесін ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жібереді.

11-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

1. Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын, ал оны бөліп-бөліп төлеген кезде - бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады және сақтандыру полисінде көрсетілген күн бойынша (қоса алғанда) қолданылады. Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне тең.
2. Егер тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын төлеу күні сақтандыру қорғауының қолданылу мерзімі басталған күннен кеш айқындалса, онда сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын полисте белгіленген мерзімде төлеген жағдайда, оны жасасқан күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
3. Сақтандыру шарты кемінде үш жыл мерзімге жасалады.
4. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, егер тараптардың ешқайсысы оның қолданылуын тоқтату ниетін білдірмесе, онда сақтандырушының қалауы бойынша сақтандыру шарты Шарттың мерзімін ұзарту күніне инвестициялық кірісті есептей отырып, сол мерзімге және сол шарттарда автоматты түрде ұзартылады.
5. Бастапқы білім беру капиталы шартқа есептелген жағдайда шарт инвестициялық кірісті сақтандыру шартының мерзімін ұзарту күніне есептей отырып, пайда алушы білім беру ұйымы - қатысушыға немесе шетелдік білім беру ұйымына есепке алынғанға дейін не пайда алушы он сегіз жасқа толғанға дейін автоматты түрде сол мерзімге және сол шарттарда ұзартылады. Сақтандыру шартының мерзімін автоматты түрде ұзарту талаптары аяқталған кезде осы тараудың 4-тармағының ережелері қолданылады.
7. Сақтандыру аумағы: бүкіл әлем.

12-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Сақтандырушы құқылы:

- 1) сақтанушыдан сақтандыру ережелеріне және үлгілік сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауды талап етуге;
- 2) сақтандыру шарты бойынша іс жүргізуге арналған комиссиялар мен шығыстарды ұстап қалуға;
- 3) сақтандыру шартында көрсетілген құжаттармен расталатын мәліметтерді тексеру үшін мемлекеттік базалардан алынған электрондық мәліметтерді/ақпаратты пайдалануға.

2. Сақтанушы құқылы:

- 1) сақтандырушыдан сақтандыру ережесінің және сақтандыру шартының шарттарына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауды талап етуге;
- 2) сақтандыру шарты бойынша толық ақпарат алуға;
- 3) сатып алу сомасын ала отырып және есептелген мемлекет сыйлықақысын бюджетке қайтара отырып, сақтандыру шартын бұзуға;
- 4) сақтандырушы МБЖЖ Заңының талаптарына сәйкес келмейді деп танылған және сақтандырушының оператормен ынтымақтастығы туралы келісім бұзылған жағдайда, мемлекеттің есептелген сыйлықақысын ескере отырып, сатып алу сомасын кез келген басқа қатысушы сақтандыру ұйымына аударуға;
- 5) пайда алушыға білім беру гранты берілген жағдайда, ол (сақтанушы қайтыс болған жағдайда - пайда алушы не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оның заңды өкілі) құқылы:
 - инвестициялық кірісті және есептелген мемлекет сыйлықақысын ескере отырып, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін алуға;

- сақтандыру шартының қолданылу мерзімін ұзарту және сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін білім берудің басқа деңгейлерін алу мақсатында білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жіберуге;

- сатып алу сомасын инвестициялық кірісті және Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасына жасалған (жасалатын) сақтандыру шартын төлеуге мемлекеттің сыйлықақысын ескере отырып, сақтандыру шарты бойынша аударуға;

б) сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бүкіл оқу кезеңі үшін білім беру қызметтеріне ақы төлеу сомасынан асып кеткен жағдайда, асып кеткен сома мөлшеріндегі сақтандыру төлемі пайда алушыға не соңғы сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оның заңды өкіліне төленуге тиіс.

3. Сақтандырушы міндетті:

1) пайда алушының МБЖЖ Заңында белгіленген талаптарға сәйкестігін, сондай-ақ пайда алушының пайдасына жасалған қолданыстағы сақтандыру шартының немесе пайда алушы мен салымшы бір тұлға болып табылатын білім беру жинақтау салымы шартының болмауын тексеруге;

2) сақтандырушы МБЖЖ Заңының талаптарына сәйкес келмейді деп танылған және сақтандырушының оператормен ынтымақтастығы туралы келісім бұзылған жағдайда сақтанушыны 3 жұмыс күні ішінде хабардар етуге;

3) сақтанушының бастамасы бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, мемлекеттің сыйлықақысын бюджетке қайтарумен сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасын төлеуге;

4) мемлекеттің есептелген сыйлықақысын ескере отырып, сатып алу сомасын сақтанушы басқа қатысушы сақтандыру ұйымымен білім беру жинақтаушы сақтандыру шартын жасасқан кезде, бірақ сақтандыру шарты жасалған күннен бастап екі жылдан ерте емес басқа қатысушы сақтандыру ұйымына аударуға;

5) мемлекеттің сатып алу сомасы мен есептелген сыйлықақысын басқа қатысушы сақтандыру ұйымына аудару процесінде немесе үшінші тұлғаның пайдасына сақтандыру шартын жасау кезінде сақтанушыға/пайда алушыға қолма-қол ақша бермеуге;

б) сақтандыру ережелерінің шарттарына, сақтандырудың үлгілік шартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтанушы/пайда алушы алдында өзге де міндеттемелерді көтереді.

4. Сақтанушы/пайда алушы міндетті:

1) сақтандыру шартын жасуға өтініште сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын айқындау үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мәліметтерді ұсыну және ұсынылған мәліметтер үшін жауапты болады;

2) сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде және талаптарда қолма-қол ақшамен не қолма-қол ақшасыз ақшалай қаражатпен төлеуге;

3) сақтандыру шартында белгіленген жағдайларда және көлемде сақтандырушыға құжаттарды ұсынуға;

4) сақтандыру төлемінің мөлшері бүкіл оқу кезеңі үшін білім беру қызметтеріне ақы төлеудің толық сомасынан асып кеткен жағдайда сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін артық сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін алу үшін білім беру ұйымының/шетелдік білім беру ұйымының растайтын құжатын ұсынуға;

5) 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде сақтандырушыға пайда алушыға қатысты оны қабылдау, ауыстыру, академиялық демалысты ресімдеу, академиялық демалыстан оралу, қалпына келтіру, білім беру ұйымынан шығару кезінде, оның ішінде білім беру ұйымын бітіруіне байланысты растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға;

б) сақтандыру ережелерінің шарттарына, сақтандыру шартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандырушы алдында өзге де міндеттемелерді көтереді.

13-тарау. Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеттері, сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және шығындар мөлшері.

1. Сақтанушы (пайда алушы) сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етуге және оның басталғанын растайтын құжаттарды қағаз немесе электрондық форматта сақтанушы қайтыс болған кезде ол басталған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік басталған кезде сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде беруге міндетті.

2. «Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі» сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы/пайда алушы сақтандырушыға сақтандыру ережелерінің 14-тарауында көзделген құжаттарды ұсынуға міндетті.

3. «Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті белгілеу» сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы / пайда алушы сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға туралы хабарлама;
- 2) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті белгілеу туралы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің анықтамасының көшірмесі;
- 3) дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысының көшірмесі (медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу алдында берілген);
- 4) ауру тарихынан үзінді-көшірме;
- 5) егер құқық қорғау органдары сақтандырылушымен болған оқиға (жазатайым оқиға) фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған болса, сақтандырушы сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіруді тіркеу фактісі бойынша құқық қорғау органдарынан анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеп – тексерулердің бірыңғай тізілімінде (СДТБТ) тіркеу кезінде-қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны не сот үкімін талап етуге құқылы.
4. «Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде қайтыс болуы» сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы / пайда алушы сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:
 - 1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға туралы хабарлама;
 - 2) қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі не «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы алынған қайтыс болу туралы хабарлама;
 - 3) сақтандырылушының қайтыс болуы туралы медициналық куәліктің көшірмесі (қайтыс болу себебін көрсете отырып);
 - 4) ауру тарихынан үзінді-көшірме;
 - 5) егер құқық қорғау органдары сақтандырылушымен болған оқиға (жазатайым оқиға) фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараса, сақтандырушы сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіруді тіркеу фактісі бойынша құқық қорғау органдарынан анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде (СДТБТ) тіркеу кезінде-қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны не сот үкімін талап етуге құқылы;
 - 6) химиялық-токсикологиялық зерттеу нәтижелері бар, осы құжатты берген заңды тұлғаның мөрімен және қолымен куәландырылған (егер сараптама немесе зерттеу жүргізу Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген болса) қайтыс болудың себептері мен мән-жайлары туралы сот-медициналық сараптама немесе патологиялық-анатомиялық зерттеу қорытындысының көшірмесі.
- Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сақтандырушы сақтанушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлама алған күннен бастап 35 (отыз бес) жұмыс күнінен кешіктірмей сақтанушының (пайда алушының) атына жетіспейтін құжаттар туралы хабарлама жібереді.
5. Осы тарауда көзделген сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерін Сақтандырушы оқиғалар басталғаннан кейін және сақтандыру ережелерінің 14-тарауында көзделген шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

14-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары.

1. Пайда алушы білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына оқуға түскен кезде сақтанушы/пайда алушы сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынады:
 - 1) сақтандыру төлемін жүзеге асыруға арналған өтініш;
 - 2) Қазақстан Республикасының аумағындағы білім беру ұйымдарында білім беру қызметтеріне ақы төлеу кезінде білім беру қызметтерін көрсету шартының көшірмесі;
 - 3) шетелдік білім беру ұйымына білім беру қызметтеріне ақы төлеу кезінде нотариалды куәландырылған қазақ не орыс тіліндегі аудармасы бар қабылдау туралы растайтын құжаттар (инвойс, шақыру-хат/білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт);
 - 4) эскроу-шотты ашу үшін қажетті құжаттар;
 - 5) шетелдік білім беру ұйымына білім беру қызметтеріне ақы төлеу кезінде эскроу-шотты ашу үшін сақтандырушының өкілеттіктері бар пайда алушының сенімхаты.
2. Пайда алушыға білім беру грантын берген немесе пайда алушы бастапқы білім беру капиталы жоқ кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім беру қызметтерін алған жағдайда, немесе қатысушы -білім беру ұйымы немесе шетелдік білім беру ұйымы шарт жасаудан ерте емес берген күнімен білім туралы тиісті құжатпен расталатын пайда алушыда техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы жағдайында, сақтанушы, сақтанушы қайтыс болған жағдайда, пайда алушы сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынады:
 - 1) білім беру грантын тағайындау туралы куәлік не кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру негізінде пайда алушыны қабылдау туралы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының бұйрығынан

үзінді көшірме;

2) келесі өтініштердің бірі:

- сақтандыру төлемін жүзеге асыруға, немесе
- сақтандыру шартының қолданылу мерзімін ұзартуға және сақтандыру төлемін білім берудің басқа деңгейлерін алу мақсатында білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жіберуге,
- мемлекеттің сыйлықақысын ескере отырып, сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасын үшінші тұлғаның пайдасына шартты төлеуге аударуғ;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялық кірісті және тұрғын үй жағдайларын жақсартуға есептелген мемлекет сыйлықақысын ескере отырып, сақтандыру төлемін аударуға;
- уәкілетті операторда ашылған пайда алушының банктік шотына есепке алынған нысаналы жинақтарды (бар болса) аударуға.

3. Пайда алушыға білім беру грантын берген немесе пайда алушы бастапқы білім беру капиталы жоқ кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім беру қызметтерін алған жағдайда, немесе қатысушы -білім беру ұйымы немесе шетелдік білім беру ұйымы шарт жасаудан ерте емес берген күнімен білім туралы тиісті құжатпен расталатын пайда алушыда техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы жағдайында, сақтанушы, сақтанушы қайтыс болған жағдайда, пайда алушы сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынады:

1) инвестициялық кірісті, есептелген мемлекет сыйлықақысын және бастапқы білім беру капиталын ескере отырып, сақтандыру төлемін алуға өтініш;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында танылған қатысушы білім беру ұйымының білім туралы құжаты немесе шетелдік білім беру ұйымының білім туралы құжаты, нотариат куәландырған қазақ не орыс тіліндегі аудармасымен;

3) осы тараудың 1 және 2-тармақтарында көзделген құжаттар.

4. Пайда алушыға білім беру грантын беру кезінде сақтандыру шарты бойынша есепке алынған нысаналы жинақ төлемдерінің сомасын (бар болса), сақтанушы, сақтанушы қайтыс болған жағдайда - пайда алушы не оның заңды өкілі, құқылы:

1) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу не бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған пайда алушының нысаналы жинақтаушы шотына аудару сәтіндегі валюта бағамы бойынша АҚШ долларымен қайтару мақсатында пайдалану үшін пайда алушының уәкілетті операторда ашылған банк шотына аударуға;

2) басқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мақсатында білім беру қызметтеріне ақы төлеуге сақтандыру шартының мерзімін ұзартуға және сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жіберуге.

5. Пайда алушы қатысушы-білім беру ұйымына немесе Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымына шарттық негізде оқуға түскен кезде сақтандыру төлемін сақтанушының өтініші негізінде сақтандырушы қатысушы-білім беру ұйымына немесе Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымына жүзеге асырады, сақтанушы - пайда алушы не оның заңды өкілі қайтыс болған жағдайда үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір рет (бүкіл оқу мерзімі үшін).

6. Сақтандырушы сақтанушы, сақтанушы қайтыс болған жағдайда пайда алушы не оның заңды өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыруға жазбаша өтініш берген және осы тараудың 1-тармағында көзделген барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін қатысушы-білім беру ұйымының немесе Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымының банктік шотына аударуды жүзеге асырады.

7. Пайда алушы шетелдік білім беру ұйымына шарт негізінде оқуға түскен кезде сақтандыру төлемі ақша сомасын осы тараудың 6-тармағында көзделген мерзімде «эскроу-шот» режиміндегі банк шотына аудару жолымен жүзеге асырылады.

«Эскроу-шот» режимінде банктік шот ашу бойынша шығыстар сақтандырушының қаражаты есебінен төленеді.

8. Сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бүкіл оқу кезеңі үшін білім беру қызметтеріне ақы төлеу сомасынан асып кеткен кезде, нысаналы жинақтарының есепке алынған төлемін (бар болса) қоспағанда, сақтандыру төлемі асып кеткен сома мөлшерінде сақтанушыға, сақтанушы қайтыс болған жағдайда - пайда алушыға не оның заңды өкіліне төленуге тиіс.

9. Сақтандырушы сақтанушыға, сақтанушы қайтыс болған жағдайда - пайда алушыға қатысушы-білім беру ұйымынан немесе Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымынан шығарылған не көрсетілген кезеңде басқа қатысушы-білім беру ұйымына немесе Қазақстан

Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымына оқуға түспеген кезде сақтандыру төлемін үш жылдан аспайтын мерзімге кейінге қалдыруды ұсынады.

Егер пайда алушы оқудан шығарылған қатысушы- білім беру ұйымында немесе Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымында оқуға қайта қабылданбаған не басқа қатысушы-білім беру ұйымына немесе Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымына оқуға түспеген жағдайда, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде сақтандырушы сатып алу сомасын сақтанушыға, сақтанушы қайтыс болған жағдайда - пайда алушыға сақтандыру ережесінің 15-тарауында көзделген тәртіппен төлеуді жүзеге асырады.

10. Сақтандыру ережесінің 6-тарауы 2-тармағында көзделген сақтандыру жағдайы басталған жағдайда, сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтандыру ережесінің 6-тарауы 1-тармағының 1 немесе 3-тармақшасында көзделген сақтандыру төлемімен бірге осы сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандырылушының пайдасына жүзеге асырады.

11. Егер ұсынылған құжаттардағы ақпарат сақтандырушының тиісті шешім қабылдауы үшін жеткілікті болса, сақтандырушы сақтанушы ұсынған құжаттардың толық емес тізбесі негізінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға құқылы.

15-тарау. Сақтандыру шартын бұзу шарттары

1. Сақтанушы сақтандырушыны алдын ала жазбаша хабардар ете отырып, кез келген уақытта сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

2. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандыру сыйлықақысын қайтару Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 842-бабына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте, сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы сақтанушыға есептелген мемлекет сыйлықақысы, бастапқы білім беру капиталы (бар болса) шегеріле отырып төленеді, олар оператордың анықтама-үзінді көшірмесі бойынша тиісінше бюджетке және уәкілетті операторда ашылған Пайда алушының банктік шотына қайтарылатын нысаналы жинақтар төлемінің (бар болса) операторына қайтарылады.

3. Сақтанушы/пайда алушы бұзған жағдайда немесе ҚР Азаматтық кодексінде көзделген тәртіппен және жағдайда оның заңды өкілі сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда, Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыны шартты іс жүзінде бұзу күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы сақтанушыға бірінші талап ету кезінде төленеді; оператордың анықтама-үзінді көшірмесі бойынша мемлекет Сыйлықақысы оператор арқылы республикалық бюджетке қайтарылады.

4. 14 жасқа толмаған кәмелетке толмаған пайда алушының заңды өкілінің бастамасы бойынша сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға сақтандырушыға кәмелетке толмаған пайда алушының атынан заңды өкілдік ету құқығын куәландыратын құжаттар (қорғаншылық және қамқоршылық орган берген құжаттар және басқалар) ұсынылған кезде рұқсат етіледі.

5. Сатып алу сомасының мөлшері сақтандыру полисінде көрсетіледі. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандырушы сақтанушыдан сақтандыру шартын бұзу туралы өтінішті алған күнге есептелген сатып алу сомасын сақтанушыға төлейді. Сатып алу сомасының мөлшері сақтандыру полисінде көрсетіледі.

6. Сақтандыру шарты Сақтандыру ережесінің 6-тарауы 1-тармағының 2) тармақшасында және 2-тармағында көзделген оқиға басталған кезде өзінің қолданылуын тоқтатпайды.

15-тарау. Сақтандыру шартын өзгерту шарттары

1. Сақтандыру полисінде көрсетілген ақпарат өзгерген жағдайда, тиісті тарап жеті жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер туралы екінші Тарапты хабардар етуге міндетті.

2. Сақтандыру шартына барлық өзгерістер мен толықтырулар жаңартылған сақтандыру полисін ресімдеу жолымен жүзеге асырылады. Сақтандыру шарты сақтандырушы жаңартылған полисті ресімдеген күннен бастап өзгертілген болып есептеледі.

3. Сақтанушының бастамасы бойынша осы тараудың 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар сақтанушының сақтандыру шартына өзгерістер енгізу туралы өтініштері негізінде жүзеге асырылады.

4. Сақтандыру сыйлықақысының, сақтандыру сомасының және сатып алу сомасының сомаларын ұлғайту бөлігінде сақтандыру шартына өзгерістер сақтандыру сыйлықақысының қосымша ақысы негізінде мынадай тәртіппен және шарттарда жүргізіледі:

1) сақтандырушы төлемді және сақтандыру ережелерінің 5-тарауының 8-тармағына сәйкес мәліметтерді алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде сақтандыру сыйлықақысының, сақтандыру сомасының және сатып алу сомасының жаңартылған сомаларын көрсете отырып, жаңартылған сақтандыру полисін

ресімдейді.

- 2) сақтандыру сыйлықақысының, сақтандыру және сатып алу сомасының сомаларын ұлғайту бөлігінде сақтандыру шартына өзгерістер енгізу туралы келісімге қол жеткізілді деп есептеледі және сақтандырушы жанартылған сақтандыру полисін ресімдеген күннен бастап күшіне енеді.
- 3) жанартылған сақтандыру полисін ресімдеген күннен бастап төленген сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу шотына жіберіледі.
- 4) ұлғайтылған сақтандыру сыйлықақысының, сақтандыру сомасының және сатып алу сомасының сомасы сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуді жүзеге асырған күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағамды ескере отырып, «USD / KZT TOD» бағамы бойынша айқындалады.

16-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

1. Сақтандыру төлемі сақтандыру шартында айқындалған мерзімде жүзеге асырылмаған кезде сақтандырушы сақтанушыға / пайда алушыға мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,1 (нөл бүтін жүзден бір) пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.
2. Тараптар сақтандыру шарты бойынша қабылданған өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, кінәлі тарап Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікті көтереді.
3. Тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың, айыппұлдың) сомасын төлеу сақтандыру шарты бойынша тараптарды сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

17-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

1. Төтенше еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, атап айтқанда: әсері іс-қимылдар, дүлей апаттар, ереуілдер, сақтандыру шартына қол қойылғаннан кейін туындаған және сақтандыру шарты бойынша қандай да бір міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалуына кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың тыйым салу және шектеу заңнамалық шешімдері кезінде міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлардың қолданылу уақытына ұзартылады.
2. Осы тараудың 1-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты сақтандыру шарты бойынша қандай да бір міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған тарап осындай мән-жайлар туындаған күннен бастап бес күнтізбелік күннен кешіктірмей бұл туралы екінші тарапқа хабарлауға міндетті. Мұндай хабарламада қамтылған фактілер уәкілетті ұйымдармен құжаттамалық түрде расталуы тиіс.
3. Туындаған төтенше жағдайлар туралы хабарламау немесе уақытылы хабарламау сақтандыру шарты бойынша тиісті тарапты шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде олардың қандай да біреуіне сілтеме жасау құқығынан айырады.

18-тарау. Дауларды қарау тәртібі

1. Сақтандыру шартын жасау және орындау процесінде туындайтын немесе оған байланысты барлық келіспеушіліктер мен дауларды сақтандырушы мен сақтанушы келіссөздер жолымен бірлесіп қарауға міндеттенеді. Туындаған даулы мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сот тәртібімен қаралады.

19-тарау. Сақтандыру сыйлықақысын, сақтандыру сомасын, сақтандыру төлемін, сатып алу сомасын және сақтандыру шарты бойынша субсидияларды қайта есептеу шарттары.

1. Сақтандыру шартының тараптары сақтандыру шарты бойынша барлық төлемдерді Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында – теңгемен жүзеге асырылады.
2. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасын, сатып алу сомасын, сақтандыру төлемін және сақтандыру сыйлықақысын Тараптар теңгемен белгілейді және оларды қайта есептеудің мынадай шарттарында белгіленетін «USD / KZT TOD» бағамына сәйкес АҚШ долларындағы сомаға баламалы:
 - 1) сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру сыйлықақысын төлеу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген «USD/KZT TOD» бағамы бойынша теңгемен төленеді;
 - 2) сақтандыру жағдайлары туындаған жағдайда сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген сақтандыру шартының қолданылу күніндегі бағамды ескере отырып, «USD/KZT TOD» бағамы бойынша теңгемен, ал мерзімді негізде төлемдерді жүзеге асыру кезінде - сақтандырушының мерзімді төлемді жүзеге асыру күніне төленеді;
 - 3) сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандыру сомасы сақтандыру шартының қолданылу күнінің соңғы күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген «USD/KZT TOD» бағамы бойынша теңгемен қайта есептелуге жатады;

4) сатып алу сомаларын төлеу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алу сомасын төлеуге өтініш берген күнге белгілеген бағамды ескере отырып, «USD / KZT TOD» бағамы бойынша теңгемен жүргізіледі.

3. Субсидиялар сомасы теңгемен көрсетілген және оларды қайта есептеудің мынадай шарттарында белгіленетін «USD/KZT TOD» бағамына сәйкес АҚШ долларындағы сомаға баламалы:

1) сақтандырушы - субсидиялардың есеп айырысу шотына субсидиялар түскен күнге көрсетілген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген «USD / KZT TOD» бағамы бойынша АҚШ долларымен есепке алынады;

2) сақтандыру жағдайының басталуына байланысты сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде - төлем Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлемді жүзеге асыру күніне белгілеген бағамды ескере отырып, «USD/KZT TOD» бағамы бойынша теңгемен жүзеге асырылады.

20-тарау. Қосымша шарттар

1. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шарты сақтандыру шартын жасау нысанында жасалуы мүмкін. Бұл ретте тараптар осы тараудың 2-тармағына сәйкес сақтандыру ережелерін де басшылыққа алады.

2. Үлгілік шартпен немесе сақтандыру шартымен реттелмеген бөлігінде тараптар осы сақтандыру ережелерінің тараптар үшін міндетті шарттарын басшылыққа алады.

3. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартын электрондық нысанда жасауға рұқсат етіледі. Сақтандырушы өзінің интернет-ресурсында сақтандыру жағдайларын реттеу мүмкіндігін қамтамасыз еткен кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талап электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, электрондық нысанда алдын ала жіберілуі мүмкін. Бұл ретте электрондық нысандағы сақтандыру төлемі туралы талап өтініш берушіні сақтандырушының орналасқан жері бойынша сақтандырушыға қажетті құжаттарды ұсынудан босатпайды. Бұл жағдайда сақтандыру төлемі сақтандырушыға қажетті құжаттардың түпнұсқаларын ұсынғаннан кейін сақтандыру ережелерінде белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

4. Сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы сақтандыру ережелерінің 6-тарауының 2-тармағында көзделген сақтандыру жағдайы бойынша қалыптастырылмайды.

5. Сақтандыру шартына байланысты хабарламалар мен өзге де хабарламаларды жіберуді Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсында, сақтанушының есептік жазбасы болған, сондай-ақ сақтандыру ережелеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайларда өзінің интернет-ресурсында хабарламалар жарияланған кезде пошта жөнелтілімдері, SMS хабарламалар, жеке кабинет арқылы жүзеге асырады.

6. Сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы келісім бойынша сақтандыру ережелерінің жекелеген ережелерін толықтыруды, өзгертуді және алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін.

7. Сақтандырушы өзінің интернет-ресурсында және (немесе) сақтанушының жеке кабинетінде өзгерістер туралы ақпаратты орналастыру арқылы сақтандыру ережелерінің шарттарын толықтыруға немесе өзгертуге құқылы. Егер сақтанушы сақтандыру ережелеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен келіспесе, ол сақтандыру ережелері орналастырылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде сақтандырушыға сақтандыру шартын тоқтату туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.



«Евразия» АҚ
Немірленген және тігілген 13
парақта (парақтарда)
Жауапты қызметкердің қолы
Аманжол